

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Бекітемін
Ғылыми кеңес төрағасы,
ҚарМТУ ректоры
Ибатов М.К.



« 19 » 07 2017ж

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)**

ККТ 3214 Кәсіби қазақ тілі пәні

Тіл 4 Тілдік модуль

5В071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығы

Энергетика, автоматика және телекоммуникациялар факультеті

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Алғы сөз

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus) әзірлегендер: ф.ғ.к., аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы, аға оқытушы Байпелова Гүлмира Сағынтайқызы, аға оқытушы Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы.

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының отырысында талқыланған

« 04 » 05 2017 ж. № 14 хаттама


Кафедра меңгерушісі  Қалыбекова Қ.С. « 04 » 05 2017 ж.
(қолы)

Жол-көлік факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған

« 17 » 05 2017 ж. № 9 хаттама

Төраға  Байпелова Г.С. « 17 » 05 2017 ж.
(қолы)

«Энергетикалық жүйелер» кафедрасымен келісілген

Кафедра меңгерушісі  Мехтиев А.Ж. « 04 » 05 2017 ж.
(қолы)

Оқытушы туралы мәлімет және қатынас ақпараты
 ф.ғ.к. аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы
 аға оқытушы Байпелова Гүлмира Сағынтайқызы
 аға оқытушы Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ҚарМТУ-дың I корпусында (Бейбітшілік бульвары, 56), 329 аудитория, байланыс телефоны 56-95-06.

Пәннің еңбек көлемділігі

Семестр	Кредиттер саны		Сабақтардың түрі				СӨЖ сағат тар саны	Жалпы сағат тар саны	Бақылау түрі
			Қосылған сағаттар саны		СОӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағаттар саны			
	кредит	ECTS кредит	Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар					
5	2	3	30	-	10	40	50	90	Емтихан

Пәннің сипаттамасы

«Кәсіби қазақ тілі» пәні жалпы модульдің тілдік модуліне жатады.

Кәсіби қазақ тілі пәнін үйретуде студенттердің тілді орта мектепте және жоғары оқу орнында оқып үйренгені, тілдік жүйе жайлы түсініктерінің қалыптасқаны ескеріліп, оны әрі қарай толықтыруды қолға алу, осыған орай мәтіндер әр бағытқа арнайы дайындалып, әр сала бойынша лексиканы, кәсіби терминді меңгерту болып табылады. Бакалавр бөлімінде студент мемлекеттік тілді өз мамандығы аясында қолдана алатындай білім дәрежесіне жетуі керек. Мемлекеттік тілді қарым – қатынас құралы ретінде меңгере отырып, оның әлеуметтік қыры мен ішкі мазмұнын – мағынасын қатар игеру, мамандығына қатысты кәсіби терминологияны меңгеру, қазақ тілі - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі, мәдени-рухани өмірінің ұйытқысы екендігін білдіру арқылы коммуникативтік құзыреті жоғары дәрежеде дамыған тілдік тұлға қалыптастыру.

Арнайы берілген кәсіби бағыттағы материалдарды қажеттілігіне қарай пайдалана алуы, атап айтқанда, қазақ тілінің фонетикасын, лексикасын, морфологиясын, синтаксисін меңгертумен қатар студенттерді ауызша сөйлеуге, ойларын жеткізуге, аударма жасауға дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің мақсаты

Жоғары оқу орындарында оқылатын кәсіби қазақ тілі белгілі мамандықтар бойынша даярланатын маман кадрларының коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады.

Берілген пәнді зерделеудің мақсаты:

- қазақ тілі бойынша негізгі оқу кезеңдерінде алған білімдерін салғастыру әдісімен кеңейту және жүйелеу, яғни тілдік материалдарды тұтастай зерделеу дағдыларын дамыту, әсіресе оқылатын мамандық бойынша терминологиялық корпусы оқып үйрену;
- кәсіби қарым-қатынас үшін негізгі техникалық терминологиялық лексика минимумын меңгеру;
- студенттерді аударма практикасының теориялық негіздерімен таныстыру және аударма білігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- қазақ тілінде сөйлеу қызметінің әр түрлі дағдылары мен біліктерін жетілдіру;

айтылым, жазылым, аудару үдерісінде іздеу, танысу түріндегі оқу, түсіну.

Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей:

- сөздік-анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істей білу,
- кәсіби сипаттағы мәтіндерді қарап шығу, іздеу, зерттеу мақсатында оқи алуы;
- жалпы ғылыми және нақты кәсіби тақырыптағы мәтіндердің мағыналық, құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, оқып, түсінуін, мәтіннің тақырыбын, көтерген мәселесін, қорытындысын анықтай алуы, мәтіннің логикалық сұлбасын ұсына білуі;
- мәтіннің мағыналық (себеп-салдарлық, мезгілдік, шарттық) бөліктері мен объективтік және субъективтік ақпаратын ажырата білуі;
- ғылыми мәтіннің жалпы мазмұнын және автордың басты тезистерін түсінуі, мәтін ақпаратынан басты және қосымша ақпаратты бөліп, оларды бағалай білуін мағыналық блоктардағы негізгі, қосымша және қайталанатын ақпаратты бөліп көрсете білуі;
- жалпы және кәсіби лексика негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік біліктерін дамыту, белгілі тақырып бойынша кәсіби сипатта ақпарат алмасуын қамтамасыз ету;
- кәсіби сипаттағы ақпаратты хабарлау, баяндама жасау, пікір алмасу барысында өз пікірін дәлелдей алу;
- оқу және арнайы мамандықтар жайлы мәтіндер түріндегі техникалық ақпаратты жазбаша аудару;
- өз мамандығы шеңберіндегі кәсіби терминдерді игеру.

Пререквизиттер

Берілген пәндерді зерделеу үшін келесі бөлімдерді меңгеру қажет.

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Қазақ тілі (А ₂ -В ₁)	Грамматиканы меңгеру, сауатты жазу, өз ойын зерделей білуі, техника саласына қатысты терминдерді қолдана білу

Постреквизиттер

Кәсіби қазақ тілі пәнінің постреквизиттері жоқ.

Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, с.				
	Дәрістер	Практикалық	Зертханалық сабақтар	СӨӨЖ	СӨЖ
Ү-семестр					
1-тақырып. Тұрақты және синусоидалы тоқтардың электр тізбектері. Грамматика.		2		1	4
2-тақырып. Жылу электр стансалары. Грамматика.		2		1	3
3-тақырып. Жылу конденсациялы электр стансалары. Грамматика.		2		1	4
4-тақырып. Қазіргі бу қазандықтары, бу турбиналарының құрылғылары. Грамматика.		2		1	3
5-тақырып. Газ турбиналы электр станциялары.		2		1	

Грамматика.					3
6-тақырып. Бу – газ турбиналы электр станциясы. Грамматика.	2		1		4
7-тақырып. Энергетика, оның түрлері және дамуы. Аралық бақылау.	2		1		3
8-тақырып. Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігі. Грамматика.	2		1		3
9-тақырып. Су энергиясын кешенді қолдану. Грамматика.	2		1		4
10-тақырып. ЖЭС нысандарындағы дренчерлік автоматты өрт сөндіру қондырғысы. Грамматика.	2		1		3
11-тақырып. Отын энергиясының түрлері және кешенді қолдану тәсілдері. Грамматика.	2				3
12-тақырып. Газ құбырлы электр стансалары. Грамматика.	2				4
13-тақырып. Жылу электр станцияларының түрлері және автоматтандырылған басқару жүйесі. Грамматика.	2				3
14-тақырып. Аралық тест. Энергетикада қолданылатын қондырғылардың түрлері. Грамматикалық тақырыптарға жаттығу жұмыстарын орындау.	2				3
15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.	2				3
БАРЛЫҒЫ:90	30		10		50

Практикалық (семинарлық) сабақтардың тізімі Ү-семестр (В2 деңгейі)

1. Тұрақты және синусоидалы тоқтардың электртізбектері. Грамматика.
2. Жылу электр стансалары. Грамматика.
3. Жылу конденсациялы электр стансалары (КЭС). Грамматика.
4. Қазіргі бу қазандықтары, бу турбиналарының құрылғылары. Грамматика.
5. Газ турбиналы электр станциялары. Грамматика.
6. Бу – газ турбиналы электр станциясы. Грамматика.
7. Энергетика, оның түрлері және дамуы. Аралық бақылау.
8. Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігі. Грамматика.
9. Су энергиясын кешенді қолдану. Грамматика.
10. ЖЭС нысандарындағы дренчерлік автоматты өрт сөндіру қондырғысы. Грамматика.
11. Отын энергиясының түрлері және кешенді қолдану тәсілдері. Грамматика.

12. Газ құбырлы электр стансалары. Грамматика.
13. Жылу электр станцияларының түрлері және автоматтандырылған басқару жүйесі. Грамматика.
14. Энергетикада қолданылатын қондырғылардың түрлері. Аралық тест. Грамматикалық тақырыптармен жұмыс.
15. Қайталау. Емтиханға дайындық.

СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыбы

Ү семестр

1. Тұрақты және синусоидалы тоқтардың электртізбектері тақырыбына байланысты бірнеше сөйлем құрастырыңыз.
2. «Жылу электр стансалары» тақырыбын толықтырып, сұхбат құрастырыңыз.
3. Жылу конденсациялы электр стансалары (КЭС) тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.
4. Қазіргі бу қазандықтары, бу турбиналарының құрылғылары туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.
5. Газ турбиналы электр станциялары тақырыбы бойынша термин сөздерді теріп жазып, сөйлемдер құрастырыңыз.
6. Бу – газ турбиналы электр станциясы тақырыбына сұхбат құрыңыз.
7. Энергетика, оның түрлері және дамуы тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
8. Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігі туралы толықтырып айтыңыз.
9. Су энергиясын кешенді қолдану мәтіні бойынша сұхбат дайындаңыз.
10. ЖЭС нысандарындағы дренчерлік автоматты өрт сөндіру қондырғысы мәтінін толықтырып, әңгімелеңіз.
11. Отын энергиясының түрлері және кешенді қолдану тәсілдері тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
12. Газ құбырлы электр стансалары мәтініндегі термин сөздермен сөз тіркесін жасап, жаттаңыз.
13. Жылу электр станцияларының түрлері және автоматтандырылған басқару жүйесі тақырыбы бойынша өз ойыңызды жазып әңгімелеңіз.
14. Энергетикада қолданылатын қондырғылардың түрлері тақырыбы бойынша слайд жасаңыз.
15. Дренчерлік жүйенің спринклерлік жүйеден айырмашылығы туралы жазыңыз.
16. «Еңбек адамды мақсатына жеткізеді» деген тақырыпқа әңгіме құрастырыңыз.
17. Менің болашақтағы мақсатым. Сұхбат.
18. Қазіргі уақыттағы автоматтандырылған басқару жүйесі жайлы слайд әзірлеңіз.
19. Техникалық терминдер бойынша глоссарий жасаңыз.
20. Емтихан сұрақтарын қайталау.

Саясат және рәсімдер

Кәсіби қазақ тілі пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1. Сабаққа кешікпей келуді.
2. Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
3. Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
4. Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
5. Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырма мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл

1	2	3	4	5	6	
Ү семестр						
Сабаққа қатысушылық	1. Кәсіби мәтін бойынша тапсырмалар орындау 2. Грамматикалық тапсырмалар	[1], [2], [3]	2 апта	Ағымдағы	1-6 апта	10
Бақылау жұмысы	1. Кәсіби мәтін бойынша тапсырмалар орындау 2. Грамматикалық тапсырмалар	[1], [2], [3]	3 апта	Ағымдағы	7-13 апта	10
Аралық тест	1. Тест 2. Жазба жұмысы	[1], [2], [3]	4 қатынас сағаттары	Межелік	14 апта	40
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	4 қатынас сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңінде	40
Барлығы						100

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілгендігі

Негізгі әдебиет тізімі

1. Абильдинов С.К., Даркенбаев Д.С. Төмен температура термоылғалды процестер мен қондырғылар. –Алматы: АЭЖБУ, 2005.
2. Мұсабекова Р.А. Сығымдағыштар мен бу турбиналары: Оқу құралы. –Алматы: АЭЖБИ, 2005.
3. Нүрекен Е. Жылу электр стансалардың қазандық қондырғылары: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБИ, 2007.
4. Нүрекен Е. Жылу электр стансалардың қазандық қондырғылары: Дәрістер жинағы. –Алматы: АЭЖБИ, 2009.
5. Серіков Э.А., Әбілдинова С.Қ. Жылу энергетиканың теория негіздері. Дәрістер конспектісі. –Алматы: АЭЖБИ, 2005.
6. Стояк В.В., Абильдинова С.К. Жылумен жабдықтау негіздері: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2012.
7. Иманбаева Х., Оңғар Б. Электр тізбектерінің теориясы. Дәрістер жинағы. – Алматы: АЭЖБИ, 2006.
8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Энергетика/ жалпы редакциясын басқарған п.ғ.д., профессор Құсайынов.-Алматы: Республикалық мемлекеттік Рауан баспасы, 2000.
9. Нүрекен Е., Темірбаев Д., Алияров Б. Жылу қуаты атауларының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. -Алматы: АЭЖБИ, 2009.
10. Бақытжанов И., Иманқұлов А. Орысша-қазақша, қазақша-орысша жылу техникалық терминологиялық сөздік.- Алматы, 2010.

Қосымша әдебиет тізімі

1. Балабатыров С.Б. Электротехниканың теориялық негіздері Алматы, 2010.

2. Хожин Г.Х. Электроэнергетика. Алматы, «Дәуір» 2011.
3. Хожин Г.Х., Сажин В.Н . Электроэнергетика. Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.
4. Тауасаров Қ.Ә., Алиев Б.А., Манасов Г.М., Утешова Г.Б. (Жартылай өткізгіш аспаптар физикасы) – Алматы. «Қазақ университеті» -2011. - 112 б.
5. М.В.Никольский. Техника. РОСМЭН. Мәскеу, 2012.
6. Ш.Құрманбаева, А.Мұратбекова. Қазақ тілі. Ақпараттық технология энергетика мамандықтарына арналған оқулық. -Алматы: «Қазықұрт» 2013.
7. Өтегенова А.С. (Электртехникалық материалдар) Қарағанды. – 2013. – 111б.
8. Г.С.Байпелова, Ғ.М.Әбілқасов. Кәсіби қазақ тілі. Қарағанды, 2015.

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

ККТ 3214 «Кәсіби қазақ тілі» пәні

Тіл 4 Тілдік модуль

ж. берілді. № мем. баспа лиц. Басуға қол қойылды Пішімі 60 x 90/16
Есептік баспа табағы 1,4. Тарамы 10 Тапсырыс Баспа келісімді

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы,
100027, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56

